



KazakhExport

**«KazakhExport» экспорттық сақтандыру
компаниясы» АҚ**

2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған он екі айға
арналған қаржылық есептілік

Мазмұны

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі	
Пайда немесе шығын және басқа жиынтық кіріс туралы есеп	4
Қаржылық жағдай туралы есеп	5
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	6-7
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп	8-9
Қаржылық ақпаратқа ескертпелер	10-75

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Акционері мен Директорлар Кеңесіне

Пікір

Біздің пікірімізше, көрсетілген қаржылық есептілік «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания») 2023 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелері мен белгіленген күнде аяқталған бір жылдағы ақша қаражатының қозғалысын ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес барлық елеулі қатынастарында шынайы көрсетеді.

Аудит мәні

Біз Компанияның қаржылық есептілігінің аудитін орындадық. Қаржылық есептілік келесіні қамтиды:

- 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есеп;
- 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың қаржылық жағдайы туралы есеп;
- айтылған жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп;
- айтылған жылдағы меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп және
- есеп саясатының негізгі ережелері және өзге де түсініктеме ақпараттан құралған қаржылық есептілікке ескертпелер.

Пікір білдірудің негізі

Біз аудитті халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сай жүргіздік. Біздің жауапкершілігіміз осы стандарттарға сәйкес әрі қарай осы біздің есептің «Аудитордың қаржылық есептіліктің аудитіне жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген.

Біз алған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және лайықты деп есептейміз.

Тәуелсіздік

Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары кеңесі (ХБЭСК кодексі) шығарған Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық этика кодексіне (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарына сәйкес қоса алғанда) және Қазақстан Республикасындағы біздің қаржылық есептілік аудитімізге қолданылатын этикалық талаптарына сәйкес Компаниядан тәуелсіз болып табыламыз. Біз қаржылық есептілік аудитімізде қолданылатын ХБЭСК кодексінің басқада этикалық міндеттерімізді және Қазақстан Республикасының этикалық талаптарына сәйкес этикалық міндеттерімізді орындадық.

Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты адамдардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есептілікті ХҚЕС бухгалтерлік стандарттарына сәйкес шынайы құруға және қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен қатар, басшылық салғырт әрекеттер және қателіктер салдарынан бос қаржылық есептілікті дайындауға керек ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС

Әл-Фараби даңғылы 34, ғимарат А, 4 қабат, Алматы, Қазақстан, A25D5F6

T: +7 (727) 330 32 00, Ф: +7 (727) 244 68 68, www.pwc.kz

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

2 - бет

Қаржы есебін дайындау барысында, басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау, қызметтің үздіксіздігіне қатысты тиісті ақпаратты жария ету, қаржылық есептілік - жұмысты үздіксіз жалғастыру қабілеті негізіндегі қағидатты қолданумен дайындау, басшылық Компанияны тарату, оның қызметін тоқтату, қызметті тарату немесе тоқтатудан басқа балама жоқ кездерден басқа жауапты.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындау үрдісін қадағалауға жауапты болып табылады.

Өзге ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты. Өзге ақпарат аудиторлық есеп шығару күнінен кейін бізге беріледі деп күтілетін жылдық есепті (бірақ қаржылық есептілігін және осы есептілік бойынша біздің аудиторлық пікірімізді қоспағанда) қамтиды.

Біздің қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратты қамтымайды, және біз осындай ақпаратқа қатысты кез-келген нысанда сенімділік білдіре алмаймыз.

Қаржылық есептілігін аудитін жүргізуімізге байланысты, біздің жауапкершілігімізге жоғарыда аталған өзге ақпаратпен танысу, сонымен қатар бізге берілген өзге ақпарат, қаржылық есептіліктегі және аудит кезінде қол жеткізген деректер арасында елеулі сәйкессіздіктердің жоқ екенін қараудан тұрады.

Егерде жылдық есепті қарастырған уақытында, біз оның елеулі бұрмаланулары бар деген тұжырымға келсек, біз осы оқиғаны корпоративтік басқаруға жауапты қызметкерге хабарлаймыз.

Аудитордың қаржылық есептіліктің аудитін өткізу жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік салғырт әрекеттер немесе аудиторлық есеп шығару барысында қателіктер салдарынан бой көтеретін небір елеулі жалғандықтың жоқ екендігін растайтын орынды сенімділік алу болып табылады. Орынды сенімділік, сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ХАС сай жүргізілген аудит әрқашан елеулі бұрмалануды анықтайтынына кепілдік бермейді. Бұрмаланулар салғырт әрекеттер мен қателіктер салдарынан болуы мүмкін, егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың қаржылық есептілігінің негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етеді деп орынды түрде күтілсе маңызды деп есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілген аудит аясында, біз кәсіби тұжырымдама қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- қаржылық есептіліктегі салғырт әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланулардың тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге қатысты аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және бағалаймыз; біздің аудиторлық пікірімізді білдіруге жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Салғырт әрекеттер салдарынан болатын елеулі бұрмаланулардың тәуекелі, қателер салдарынан болатын елеулі бұрмалануларға қарағанда жоғары, себебі салғырт әрекеттер келісім, жалғандық, әдейі қалдырып кету немесе ақпараттарды жалған көрсету немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерінен тұруы мүмкін;
- Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сай келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу үшін, аудит тұрғысынан мәні бар, ішкі бақылау жүйесі жайлы түсінік аламыз;
- қолданыстағы есеп саясатының орындылығы мен есептік бағалаулардың негізділігін және басшылық дайындаған байланысты ақпаратты ашып көрсетулердің негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтыңпен үздіксіздік принципін қолдану заңдылығын қорытындылаймыз, ал жиналған аудиторлық дәлелдер негізінде – айтарлықтай күмәнді оқиғаларға немесе жағдайларға

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі (жалғасы)

3 - бет

байланысты Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне қатысты елеулі пайда болу мүмкіндігін тұжырымдаймыз. Егер біз айтарлықтай белгісіздік бар деген қорытындыға келетін болсақ, біз қаржылық есептілігінде тиісті ақпаратты ашып, біздің есепте назар аударуымыз керек, немесе осындай ақпаратты ашу жеткіліксіз болса, біздің пікіріміз өзгертіледі. Біздің нәтижелер аудиторлық есептің шығару күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның үздіксіз жұмыс жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;

- қаржылық есептіліктің тұтастай алғандағы ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, ақпаратты ашуы, және қаржылық есептіліктің негізіндегі операциялар мен оқиғалардың әділ ұсынылуын бағалаймы

Біз, корпоративтік басқару үшін жауапты адамдармен ақпарат ауыса отырып, олардың назарына жоспарланған аудит ауқымы мен мерзімдерін жеткіземіз. Сонымен қатар, аудит нәтижелері бойынша табылған өрескел қателіктер және де ішкі бақылау жүйесіндегі елеулі кемшіліктер жайлы өзара ақпараттық өрекеттестік жасаймыз.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС атынан

PricewaterhouseCoopers LLP

Бекітілді:



Азамат Конратбаев
Басқарушы директор
ПрайсуотерхаусКуперс ЖШС
(Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігінің бас Мемлекеттік
лицензиясы, 1999 жылы 21 қазан

Қол қойылды:



Айгүл Ахметова
Аудит қызметінің серіктесі
Аудиторлық есебінің тапсырма жетекшісі
Орындаушы - аудитор
(2012 жылғы 27 тамыздағы №0000083
Аудиторлық Біліктілік Куәлігі)

1 наурыз 2024 жыл

Алматы, Қазақстан

АО «Экспортная страховая компания «KazakhExport»
Отчет о прибыли или убытке и прочем совокупном доходе за год, закончившийся 31 декабря 2023 года

	Примечание	31 декабря 2023 г. тыс. тенге	Пересмотрено 31 декабря 2022 г. тыс. тенге
Выручка по страхованию	10	6,791,448	4,554,729
Расходы по страховым услугам	10	(8,732,651)	(9,549,127)
Чистые расходы по удерживаемым договорам перестрахования		(816,410)	(645,796)
Итого результат от страховой деятельности		(2,757,613)	(5,640,194)
Финансовые расходы по выпущенным договорам страхования		(3,651,204)	(1,144,494)
Финансовые доходы по удерживаемым договорам перестрахования		125,783	108,956
Итого финансовые расходы от страховой деятельности		(3,525,421)	(1,035,538)
Процентные доходы, рассчитанные с использованием метода эффективной процентной ставки	11	17,086,377	12,663,591
Прочие процентные доходы	11	76,160	72,585
Чистый доход от изменения справедливой стоимости инвестиционных ценных бумаг, оцениваемых по справедливой стоимости, изменения которой отражаются в составе прибыли или убытка за период		37,767	40,995
Реализованный убыток от изменения справедливой стоимости инвестиционных ценных бумаг, оцениваемых по справедливой стоимости, через прочий совокупный доход		-	(29,314)
Чистый (убыток)/прибыль от операций с иностранной валютой		(2,270,455)	2,324,209
Общие административные расходы	12	(2,172,994)	(2,121,231)
Прибыль от восстановления/убыток от обесценения финансовых активов		54,085	(14,434)
Прочий операционный расход, нетто		(13,588)	(109,133)
Прибыль до вычета подоходного налога		6,514,318	6,151,536
Расход по подоходному налогу	13	(1,560,434)	(1,352,160)
Прибыль за период		4,953,884	4,799,376
Прочий совокупный доход, за вычетом подоходного налога			
Резерв изменений справедливой стоимости:			
- Чистое изменение справедливой стоимости		554,576	(2,092,723)
- Чистое изменение справедливой стоимости, перенесенное в состав прибыли или убытка		-	24,168
Прочий совокупный доход/(убыток) за период, за вычетом подоходного налога		554,576	(2,068,555)
Общий совокупный доход за период		5,508,460	2,730,821

Данная финансовая информация, представленная на страницах с 5 по 77, была утверждена руководством Компании 1 марта 2024 года, и подписана от его имени:

Калигазин А.Е.
Председатель Правления



Сарткожинова Ж.К.
Главный бухгалтер

		2023 ж.	Қайта қаралды
	Ескертпе	31 желтоқсан	2022 ж.
		мың теңге	31 желтоқсан
		мың теңге	мың теңге
Сақтандыру бойынша кіріс	10	6,791,448	4,554,729
Сақтандыру қызметтері бойынша шығыстар	10	(8,732,651)	(9,549,127)
Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша таза шығыстар		(816,410)	(645,796)
Сақтандыру қызметінің нәтижесі		(2,757,613)	(5,640,194)
Шығарылған сақтандыру шарттары бойынша қаржылық шығыстар		(3,651,204)	(1,144,494)
Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша қаржылық кірістер		125,783	108,956
Сақтандыру қызмет бойынша жалпы қаржылық шығыстар		(3,525,421)	(1,035,538)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер	11	17,086,377	12,663,591
Өзге пайыздық кірістер	11	76,160	72,585
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруінен түсетін таза кіріс		37,767	40,995
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруінен жұмсалған залал		-	(29,314)
Шетел валютасымен операциялардан таза (шығын)/пайда		(2,270,455)	2,324,209
Жалпы әкімшілік шығыстар	12	(2,172,994)	(2,121,231)
Қаржы активтерінің құнсыздануынан түскен пайда/(залал)		54,085	(14,434)
Басқа операциялық шығын, нетто		(13,588)	(109,133)
Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда		6,514,318	6,151,536
Табыс салығы бойынша шығыс	13	(1,560,434)	(1,352,160)
Кезеңдегі пайда		4,953,884	4,799,376
Табыс салығын шегергендегі басқа да жиынтық табыс			
Әділ құн өзгерістерінің резерві:			
- Әділ құнның таза өзгеруі		554,576	(2,092,723)
- Пайда немесе шығын құрамына ауыстырылған әділ құнның таза өзгеруі		-	24,168
Табыс салығын шегергендегі кезеңдегі өзге де жиынтық табыс/(залал)		554,576	(2,068,555)
Кезеңдегі жалпы жиынтық табыс		5,508,460	2,730,821

4-тен 75-ке дейінгі беттерде ұсынылған бұл қаржылық есептілікті Компания басшылығы 2024 жылғы 1 наурызда мақұлдады және оның атынан қол қойды:

_____/Қол Қойды/_____
 Калигазин А. Е.
 Басқарма төрағасы

_____/Қол қойды/_____
 Сарткожинова Ж.К.
 Бас бухгалтер

Мөр: Қазақстан Республикасы Астана қаласы «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы акционерлік қоғамы



Перевод с русского языка на казахский язык выполнен
Центр языковых переводов ТОО «ЛТС» переводчиком
Зейниловой Найлей Бауржановной
Контакты: +77016588647

«17» сентября 2024 года, настоящий перевод удостоверен мной, Кожаметовой Лялей Хамитовной, нотариусом нотариального округа г.Астана, действующая на основании лицензии № 0000464, выданной 03 мая 1999 года, Министерством Юстиции Республики Казахстан.

Подпись переводившего с русского языка на казахский язык сделана известным мне переводчиком Зейниловой Найлей Бауржановной перевод составлен в моем присутствии. Личность переводчика установлена, дееспособность проверена.

«17» тамыз 2024 жыл, бұл аударманы мен, Астана қаласы нотариаттық округінің нотариусы Кожаметова Ляля Хамитовна, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 1999 жылғы 03 мамырда берген № 0000464 лицензиясы негізінде жұмыс істеймін.

Орыс тілдерінен қазақ тіліне аударманы белгілі аудармашы Зейнилова Найля Бауржановна жасады. Аудармашының жеке басы анықталып, оның әрекет қабілеттілігі тексерілді.

Зарегистрировано в реестре за / Тізілімде № болып тіркелген **1143**
Взыскано: / Жиналған: 4061 тенге.

Нотариус:



ET4206010240917141330E480141

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия



Қазақстан Республикасының Ішкі Істер Министрі

Даньный документ

Пронумерован

Листах



	Ескерт пе.	2023 ж. 31 желтоқсан мың теңге	Қайта қаралды 2022 ж. 31 желтоқсан мың теңге	Қайта қаралды 2022 ж. 1 қаңтар мың теңге
АКТИВТЕР				
Ақша қаражаты және олардың баламалары	14	100,770,705	71,878,037	14,657,355
Банктердегі депозиттер	15	20,961,199	22,324,599	59,859,106
Инвестициялық бағалы қағаздар:				
- басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын	16	23,299,824	25,201,794	35,166,389
- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын	16	6,044,231	18,210,256	22,803,125
- пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын		-	808,847	775,185
Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер		910,985	1,066,963	1,020,259
Шығарылған сақтандыру шарттары бойынша активтер	17	202,822	119,817	125,201
Негізгі құралдар		105,708	113,379	116,968
Ағымдағы салық активі		-	349,716	837,619
Кейінге қалдырылған салық активтері		54,744	82,192	522,049
Басқа активтер		1,036,534	931,195	452,243
Барлық активтер		153,386,752	141,086,795	136,335,499
МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Шығарылған сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	17	34,413,396	26,560,623	23,354,755
Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер		65,573	117,670	258,060
Ағымдағы салық міндеттемелері		162,156	-	-
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері		797,413	149,849	
Басқа міндеттемелер		421,723	650,120	436,579
Барлық міндеттемелер		35,860,261	27,478,262	24,049,394
МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫ				
Акционерлік капитал	18	105,100,000	105,100,000	105,100,000
Қосымша төленген капитал		732,819	732,819	732,819
Тұрақтандыру резерві		114,222	136,042	240,259
Күтпеген тәуекелдер резерві	18	1,085,964	11,097,425	14,941,834
Әділ күнөзгерістерінің резерві		(2,572,868)	(3,127,444)	(1,058,889)
Бөлінбеген пайда/(жинақталған шығын)		13,066,354	(330,309)	(7,669,918)
Барлық меншікті капитал		117,526,491	113,608,533	112,286,105
Барлық міндеттемелер мен меншікті капитал		153,386,752	141,086,795	136,335,499

	2023 ж. мың теңге	2022 ж. мың теңге
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда	6,514,318	6,151,536
<i>Түзетулер:</i>		
Тозу және амортизация	111,311	76,023
Қаржы активтерінің құнсыздануынан түскен кіріс/(залал)	(54,085)	14,434
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруінен түсетін таза кіріс	(37,767)	(40,995)
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруінен іске асырылмаған кіріс	-	97,836
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер	(17,086,377)	(12,663,591)
Өзге пайыздық кірістер	(76,160)	(72,585)
Іске асырылмаған бағамдық айырмашылық	2,270,455	(2,324,209)
Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгергенге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағындары	(8,358,305)	(8,761,551)
Операциялық активтердің азаюы/(ұлғаюы)		
Банктердегі депозиттер	(113,367)	36,989,617
Шығарылған сақтандыру шарттары бойынша активтер	155,978	(46,704)
Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер	(83,005)	5,384
Басқа активтер	(140,745)	(429,258)
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы/(азаюы)		
Шығарылған сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	7,852,773	3,205,869
Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	(52,097)	(140,390)
Басқа міндеттемелер	(110,554)	212,652
Операциялық қызметтен алынған пайыздық кіріске және табыс салығын төлеуге дейінгі таза ақша қаражаты	(849,322)	31,035,619
Төленген табыс салығы	(300,000)	-
Алынған пайыздық кіріс	16,434,254	11,269,535
Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары	15,284,932	42,305,154

«KazakhExport» экспорттық-сақтандыру компаниясы» АҚ
 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп

	2023 ж.	2022 ж.
	мың теңге	мың теңге
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түсетін түсімдер	16,356,871	36,360,201
Борыштық бағалы қағаздарды сатып алу	(459,864)	(22,019,513)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(68,980)	(131,436)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағындары	15,828,027	14,209,252
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Төленген дивидендтер	(1,590,502)	(1,408,393)
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары	(1,590,502)	(1,408,393)
Ақша және оның баламаларының таза ұлғаюы	29,522,457	55,106,013
Валюта бағамдарының өзгеруінің ақша қаражаттары мен олардың баламаларына әсері	(629,789)	2,114,669
Кезең басындағы жағдай бойынша ақша қаражаттары және олардың баламалары	71,878,037	14,657,355
Жыл соңындағы жағдай бойынша ақша қаражаты және олардың баламалары (14-ескертпе)	100,770,705	71,878,037

«KazakhExport» экспорттық-сақтандыру компаниясы» АҚ
2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп

мың теңге	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Тұрақтандыру резерві	Күтпеген тәуекелдер резерві	Әділ құн өзгерістерінің резерві	Жинақталған пайда/ (шығын)	Барлық меншікті капитал
2023 жылғы 1 қаңтардағы қалдық (17 ХҚЕС қайта есептелді)	105,100,000	732,819	136,042	11,097,425	(3,127,444)	(330,309)	113,608,533
Жалпы жиынтық табыс							
Жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	-	4,953,884	4,953,884
Өзге де жиынтық шығын	-	-	-	-	-	-	-
Әділ құнның таза өзгеруі	-	-	-	-	554,576	-	554,576
Барлық басқа жиынтық табыс	-	-	-	-	554,576	-	554,576
Бір жылдағы жалпы жиынтық табыс	-	-	-	-	554,576	4,953,884	5,508,460
Меншік иелерімен тікелей меншікті капитал құрамында көрсетілген операциялар							
Дивидендтер (18-ескертпе)	-	-	-	-	-	(1,590,502)	(1,590,502)
Күтпеген тәуекелдер резервінен аудару (18-ескертпе)	-	-	-	(10,011,461)	-	10,011,461	-
Тұрақтандыру резервінен аударым	-	-	(21,820)	-	-	21,820	-
Меншік иелерімен жасалған барлық операциялар	-	-	(21,820)	(10,011,461)	-	8,442,779	(1,590,502)
2023 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	105,100,000	732,819	114,222	1,085,964	(2,572,868)	13,066,354	117,526,491

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп осы қаржылық есептілікке оның ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қаралуға тиіс.

мың теңге	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Тұрақтандыру резерві	Күтпеген тәуекелдер резерві	Әділ құн өзгерістерінің резерві	Жинақталған шығын	Барлық меншікті капитал
2021 жылғы 31 желтоқсанға қалдық	105,100,000	732,819	240,259	14,941,834	(1,058,889)	(5,742,081)	114,213,942
ХҚЕС 17 көшудің әсері	-	-	-	-	-	(1,927,837)	(1,927,837)
2022 жылғы 1 қаңтардағы қалдық (қайта есептелген)	105,100,000	732,819	240,259	14,941,834	(1,058,889)	(7,669,918)	112,286,105
Жалпы жиынтық табыс							-
Жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	-	4,799,376	4,799,376
Өзге де жиынтық кіріс							-
Әділ құнның таза өзгеруі	-	-	-	-	(2,068,555)	-	(2,068,555)
Барлық басқа жиынтық шығындар	-	-	-	-	(2,068,555)	-	(2,068,555)
Бір жылдағы жалпы жиынтық табыс	-	-	-	-	(2,068,555)	4,799,376	2,730,821
Меншік иелерімен тікелей меншікті капитал құрамында көрсетілген операциялар							
Дивидендтер (18-ескертпе)	-	-	-	-	-	(1,408,393)	(1,408,393)
Күтпеген тәуекелдер резервінен аудару (18-ескертпе)	-	-	-	(3,844,409)	-	3,844,409	-
Тұрақтандыру резервінен аударым	-	-	(104,217)	-	-	104,217	-
Меншік иелерімен жасалған барлық операциялар	-	-	(104,217)	(3,844,409)	-	2,540,233	(1,408,393)
2022 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	105,100,000	732,819	136,042	11,097,425	(3,127,444)	(330,309)	113,608,533

1. Есеп беретін кәсіпорын

(а) Ұйымдық құрылымы және қызметі

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «Компания») - Қазақстан заңнамасына сәйкес 2003 жылы Қазақстан Республикасында құрылған акционерлік қоғам.

Компанияның Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі - «ҚНРДА») берген 2022 жылғы 24 қарашадағы № 2.1.13 сақтандыру және қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар. Бұл лицензия Компанияға келесі қызметтерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

1. сақтандырудың ерікті нысанындағы сақтандыру қызметі:

- 1) кепілдіктер мен кепілгерліктерді сақтандыру;
- 2) басқа қаржылық шығындардан сақтандыру;
- 3) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 13), 14), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген кластарды қоспағанда, қаржы ұйымдарының шығындарын сақтандыру;
- 4) қарыздарды сақтандыру;
- 5) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» 6-бабының 3-тармағының 9), 10), 11), 11-1) және 11-2) тармақшаларында көрсетілген кластардан басқа азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру; сонымен қатар

2. қайта сақтандыру жөніндегі қызмет.

Компанияның стратегиялық даму бағыттарына экспортты қолдау құралдарын жетілдіру, экспорттаушылар санын ұлғайту үшін жағдай жасау және операциялық тиімділікті арттыру кіреді.

Компанияның заңды және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Z05T2H3, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 55А.

(б) Акционер

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұдан әрі «Бас кәсіпорын» деп аталатын «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ шығарылған акциялардың 100% иеленеді. Компанияның түпкілікті акционері - Қазақстан Республикасының Үкіметі. 2013 жылғы 29 мамырдағы №299-ІІ акциялар пакетін беру туралы шартқа сәйкес Компанияның акциялар пакеті «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ сенімгерлік басқаруға берілді. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы №571 Жарлығымен құрылды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания қызметкерлерінің саны 98 қызметкерді құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 100 қызметкер).

(в) Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

2022 жылдың 24 ақпанында Ресей Украинада арнайы әскери операцияны бастады. Шапқыншылыққа жауап ретінде АҚШ, Еуропалық Одақ және басқа да бірқатар мемлекеттер Ресейге қарсы кең ауқымды санкциялар енгізді, соның ішінде Ресей банктеріне Swift жүйесін пайдалануға тыйым салынды. Ресей Қазақстанның ірі сауда серіктесі болып табылады. Қазақстан сондай-ақ мұнай экспортының 80% - на дейін тасымалданатын Каспий құбыр консорциумына (КҚК) айтарлықтай дәрежеде тәуелді.

Украинадағы арнайы әскери операция және Ресейге қарсы санкциялар шикізат бағасына әсер етіп, теңге бағамының құбылмалылығын арттырды. Инфляция деңгейі 2023 жылғы ақпанда 21.3% шыңына жеткеннен кейін 2023 жылғы желтоқсанда 9.8% құрады. 2023 жылы экономиканың өсуі 4.8% құрады және сарапшылардың болжауынша, алдағы үш жылда ұлттық экономиканың өсу қарқыны жылына орта есеппен 4%-дан аз болады. Осы есептің күніндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми айырбастау бағамы 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 454.56 теңгемен салыстырғанда 1 АҚШ доллары үшін 450.61 теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 462.65 теңге).

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасында дамып келе жатқан нарықтарға тән кейбір өзіндік ерекшеліктер көрініс таппай отырған жоқ. Бұған қоса, Қазақстан Республикасындағы Компанияның индустриясы елдегі саяси, заңнамалық, қаржылық және реттеушілік өзгерістердің ықпалында қалып отыр. Теңгенің айырбас бағамы мен шикізат тауарларының бағасына қатысты белгісіздік сақталады.

Экономикалық орта Компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етеді. Басшылық Компанияның тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Алайда қалыптасқан экономикалық жағдайдың болашақ салдарын болжау қиын, және басшылықтың ағымдағы күтулері мен бағалаулары нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін. Қазақстан Республикасындағы болашақ экономикалық тұрақтылықтың перспективалары көбінесе Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ Компанияның бақылауынан тыс құқықтық және саяси өзгерістерге байланысты.

2. Есепке алу негіздері

(а) Қолданылатын стандарттарға сәйкестік туралы мәлімдеме

Бұл қаржылық есептілік халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес шығарған ХҚЕС («ХҚЕС») бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалды.

Бұл қаржылық есептілік пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша және өзгежиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын бастапқы тануға түзете отырып, тарихи құн бойынша есепке алу қағидалары негізінде жасалды. Компания сондай-ақ сақтандыру шарттарын, шығарылған және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын бастапқы тану тәртібін регламенттейтін сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын жіктеу және сегменттеу әдістемесіне сәйкес бастапқы тануды жүзеге асырады.

Осы қаржылық есептілікті дайындауда қолданылған есеп саясатының қағидаттары төменде келтірілген. Бұл қағидаттар, егер басқаша көрсетілмесе, есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге қатысты дәйекті түрде қолданылды. 3-ескертпені қараңыз.

Тұтастай алғанда, Компания ақпаратты ашуға Компанияда жоқ бухгалтерлік баланстың немесе пайда немесе шығын туралы есептің баптарына қатысты есеп саясатының ережелерін қамтымайды.

Бұл қаржылық есептілік Компанияның акционері, реттеушісі және клиенттері болып табылатын негізгі пайдаланушыларға бағытталған. Бұл қаржылық есептілікте негізгі пайдаланушылардың іскерлік және экономикалық қызмет туралы жеткілікті білімі бар және ақпаратты тиісті түрде тексереді және талдайды. Кейде тіпті білімді және мұқият пайдаланушылар берілген қаржылық есептілікте көрінетін күрделі экономикалық құбылыстар туралы ақпаратты түсіну үшін кеңесшінің көмегіне мұқтаж болуы мүмкін.

Бұл қаржылық есептіліктің мақсаты – басшылық негізгі пайдаланушылар үшін маңызды деп санайтын ақпаратты ғана ашу. Басшылық маңызды емес ақпаратты маңызды емес ақпаратпен жабу арқылы осы қаржылық есептіліктің түсінігін төмендетпеуге тырысады. Тиісінше, есеп саясатының маңызды ақпараты ғана, тиісті жағдайларда, жария етілген тиісті ескертпелерде ашылады.

(б) Бағалау мен пайымдауды қолдану

Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық есеп саясатын қолдануға және қаржылық есептілікте ұсынылған активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың

мөлшеріне әсер ететін кәсіби пайымдауларды, болжамдар мен есептік бағалауларды пайдаланды. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Болжамдар мен олардың негізінде жасалған есептік бағалаулар оларды өзгерту қажеттілігі тұрғысынан үнемі талданады. Осы бағалаулар қайта қаралған есепті кезеңдегі және аталған өзгерістерден зардап шеккен барлық кейінгі кезеңдердегі есептік бағалаулардағы өзгерістер.

Компанияның есеп саясатын қолдану кезінде басшылық қалыптастырған ең маңызды пайымдаулар және есептік бағалауға қатысты белгісіздіктің негізгі көздері осы ескертпеде ашылғандарды қоспағанда, соңғы жылдық қаржылық есептілікте сипатталғандарға ұқсас.

(в) Функционалдық валюта және қаржылық есептілік деректерін ұсыну валютасы

Компанияның функционалдық валютасы - бұл Компания өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық ортаның валютасы. Компанияның функционалдық валютасы және Компанияның есептілігін ұсыну валютасы - Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - Қазақстан теңгесі («теңге»).

3. Елеулі есеп саясаты

Төменде сипатталған есеп саясатының ережелері осы қаржылық есептілікте ұсынылған барлық есепті кезеңдерде қолданылды.

(а) Сақтандыру және қайта сақтандыру

Төмендегі стандарттар мен интерпретациялық түзетулер Компания үшін 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыла бастады:

- 2023 жылғы 1 қаңтарда Компания 17 «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) қолданды. Төмендегі бөлімдер есеп саясатына енгізілген өзгерістерді толығырақ түсіндіреді.

(і) Анықтамасы және жіктелуі

Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының жіктемесін Компания жүргізеді:

- 1) Компанияның есебінде бастапқы тану кезінде;
- 2) оны жетілдірген жағдайда;
- 3) «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) 17 көшу кезінде.

Полис ұстаушы Компаниясынан шарт бойынша Компания үшін шығынға әкеп соғуы мүмкін елеулі сақтандыру тәуекелін берген жағдайда Компания шартты есепке алу мақсатында сақтандыру шарты ретінде жіктейді. .

Сақтандыру жағдайы Компанияның коммерциялық мазмұны жоқ нұсқаларды қоспағанда (яғни, мәміленің экономикалық жағына айтарлықтай әсер етпейтіндер), оқиғалардың дамуының кез келген жеке сценарийі кезінде елеулі болып табылатын қосымша сомаларды төлеу қажеттілігіне әкеп соғуы мүмкін болған жағдайда ғана шарт елеулі сақтандыру тәуекелін берген болып есептеледі. Егер сақтандыру жағдайы коммерциялық мазмұны бар кез келген жағдайда қомақты қосымша сомаларды төлеу қажеттілігіне әкеп соғуы мүмкін болса, алдыңғы ұсыныстағы шарт сақтандыру жағдайы өте екіталай болса да немесе шартты ақша ағындарының күтілетін (яғни ықтималдықпен өлшенген) дисконтталған құны сақтандыру шарты бойынша қалған ақша ағындарының күтілетін дисконтталған құнының аз бөлігін құраса да орындалуы мүмкін.

Компания сақтандыру жағдайы орын алмаған сценарийде, келтірілген құн негізінде шарт бойынша ақша қаражатының кетуі есебіне төлеуге жататын қосымша соманың құнын қарастырады.

Төленуге жататын қосымша сома сақтандыру жағдайы келген кезде төленуге тиіс ең жоғары сома мен сақтандыру жағдайы орын алмаған кездегі төленуге тиіс ең жоғары сома арасындағы айырмаға тең.

Егер қосымша соманың төлеуге келтірілген құнының сценарий бойынша шарттық ақша қаражатының ағынының келтірілген құнына қатынасы, егер сақтандыру жағдайы орын алмаса 5% немесе одан аз болса, сақтандыру тәуекелі нарықтық практикаға сәйкес елеусіз болып саналады. Егер осы коэффициент 5% - дан асатын болса, шарт елеулі сақтандыру тәуекелін берген болып есептеледі.

Жіктеуді жүргізу қорытындылары бойынша Компания сақтандыру шарттарының заңды нысанында жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын мыналарға бөледі:

- 1) «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) 17 талаптарына сәйкес сақтандыру ретінде жіктелген сақтандыру шарттары;
- 2) «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) 17 талаптарына сәйкес сақтандыру ретінде жіктелген ұсталатын қайта сақтандыру шарттары.
- 3) 17 «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) талаптарына сәйкес сақтандыру ретінде жіктелген шығарылған қайта сақтандыру шарттары.

Компания шығарған барлық шарттар ХҚЕС (IFRS) 17 қолдану аясына жатады.

Компанияда инвестициялық компонентпен шарттар немесе инвестицияларды қайтару бойынша қызметтер жоқ.

(ii) Сақтандыру шарттарын біріктіру деңгейі

Компания сақтандыру шарттары мен шығарылған қайта сақтандыру шарттарының портфельдерін сақтандыру ережелері мен сақтандыру түрлерінің комбинациясы бөлігіндегі тәуекелдер ұқсастығының белгілері негізінде, сондай-ақ андеррайтинг, әкімшілендіру, шығындарды реттеу тұрғысынан сақтандыру шарттары мен шығарылған қайта сақтандыру шарттарын басқару тәсілдерін ескере отырып айқындайды.

Бизнестің ерекшелігіне байланысты Компания әр шарттың шығындарын жеке негізде андеррайтинг, әкімшілендіру және реттеу жүргізеді. Осыған байланысты Компания портфель бір сақтандыру шартынан немесе ұсталатын (шығарылған) қайта сақтандыру шартынан тұратынын, ал есепке алу бірлігі шарт болып табылатынын анықтады. Себебі, жұп серіктестердің көптеген ерекшеліктері бар: жеткізушінің елі, сақтандырылушының қызмет түрі, айналым қаражатына немесе стартапқа несие беру, сақтандырылушылардың әртүрлі қаржылық көрсеткіштері, әртүрлі кепіл объектілері, әртүрлі несие тарихы.

Жалпы бағалау моделі (GMM) бойынша бағаланатын негізінде ақша ағындары құрылады және жеке сақтандыру шарты деңгейіндегі шарттардың кірістілігі талданатын нақтылау деңгейін анықтады..

Сақтандыру шарты, егер оны орындау бойынша ақша ағындары, шартты сатып алудан бұрын танылған кез келген ақша ағындары және бастапқы тану күніне шарт бойынша туындайтын кез келген ақша ағындары тұтастай алғанда таза шығынды білдірсе, бастапқы тану күніне ауыртпалықты болып табылады. Ауыртпалықты сақтандыру шарттарынан болған залал пайда мен залал құрамында дереу танылады.

Сыйлықақыны бөлу тәсілімен (РАА) бағаланатын шарттар үшін Компания егжей-тегжейлі деңгейді анықтады, оның негізінде сыйлықақы жеке сақтандыру шарты деңгейінде бөлінеді. Осы шарттар үшін олар бастапқы танылған кезде Компания ауыртпалық белгілерінің болуын көрсететін фактілер мен жағдайларды талдайды, сонымен қатар тиісті фактілер мен жағдайлардың өзгеру ықтималдығын талдай отырып, бастапқы тану кезінде ауыртпалық тудырмайтын шарттардың кейіннен ауыртпалыққа айналу ықтималдығының жоқтығын анықтайды.

Есепті күнге ауыртпалықты сақтандыру шарттары қарыздарды сақтандыру класы бойынша ғана қатысады.

(iii) Бастапқы тану

ХҚЕС (IFRS) 17 талаптарына сәйкес сақтандыру шартын қарастырмас бұрын, Компания басқа стандарттарды қолдану саласына жататын құрамдас бөліктерді, егер олар жеке шарттар болса, сәйкестендіру үшін шарттарға талдау жүргізеді.

17 ХҚЕС (IFRS) компоненттердің оларды бөлек ескеру қажет болатын үш санатын бөліп көрсетеді:

- бөліп алынуы қажет кірістірілген туынды құралдарға қатысты ақша ағындары;
- инвестициялық құрамдас бөлікке жататын ақша ағындары; және
- полис ұстаушыға сақтандыру шарты бойынша қызмет болып табылмайтын айрықша тауарларды немесе қызметтерді беруге уәде беру.

Компания шарттың барлық басқа компоненттеріне 17 ХҚЕС (IFRS) қолданады. Компанияда сақтандыру шарттарын одан әрі бөлуді немесе біріктіруді талап ететін шарттар жоқ.

17 ХҚЕС (IFRS) талаптарына сәйкес сақтандыру шартын есепке алу және бағалау әдісін таңдау үшін Компания шарттардың шекараларын бағалауды жүргізеді. Шарттың шекаралары бір жылдан асатын шарттар үшін Компания келісімшарттарды орындау бойынша ақша ағындарының айтарлықтай өзгергіштігінің болуын талдау және GMM қолданудан РАА қолдану нәтижесінің айтарлықтай айырмашылықтарын талдау арқылы сыйлақыларды бөлу әдісінің қолданылуына тест жүргізеді.

Шарттарды орындау бойынша ақша ағындарының айтарлықтай өзгергіштігі және GMM қолданудан РАА қолдану нәтижесінің айтарлықтай айырмашылықтары болмаған жағдайда, Компания РАА әдісін қолданады. шарттар бойынша жүргізілген тест қорытындылары бойынша Компания қарыздарды сақтандырудан өзге РАА әдісін қолданады. Тексеру ең маңызды сценарийлер бойынша жүргізілді. Сақтандыру Компаниясы таңдалған есепке алу бірліктерін тестілеу және бизнес қажеттіліктеріне сәйкес модельді түзету үшін қажетті келесі кірістерді анықтады: шарттың қолданылу мерзімі; сақтандыру шарты бойынша сыйақы сомасы; сақтандыру шарты бойынша аквизициялық шығыстар сомасы; қаржылық емес тәуекелдерге тәуекелдік түзету; сақтандыру шарты бойынша залал коэффициенті; шығыстар пайызы (шығындарды реттеу, әкімшілендіру және басқалар).

Шығарылған сақтандыру шарты бастапқыда (i) сақтандыру қорғаудың басталу күнінен, (ii) полис ұстаушыдан бірінші төлемді төлеу мерзімі келетін күндер немесе (iii) ауыртпалықты шарт үшін - шарт ауыртапалықты шартқа айналатын күннен бастап танылады.

(iv) Сақтандыру шарттарын, шығарылған және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын бағалау тәсілі.

1. Қарыздарды сақтандыру шарттары.

а) Қалған сақтандыру бойынша міндеттемелер

Компания GMM әдісін пайдалана отырып, қарыздарды сақтандыру шарттарын және қарыздарды сақтандыру шарттарын қайта сақтандыру шарттарын бағалайды, қарыздарды сақтандырудан басқа шарттар және олар бойынша шығарылған қайта сақтандыру шарттары РАА әдісімен бағаланады. GMM сәйкес сақтандыру шарты бастапқыда келісімшарттарды (оған болашақ ақша ағындары, ақшаның уақытша құнына түзету және болашақ ақша ағындарына байланысты қаржылық тәуекелдер, сондай-ақ қаржылық емес тәуекелге түзету кіреді) орындау бойынша ақша ағындарының сомасы және қарастырылған қызметтер үшін маржа ретінде бағаланады (CSM; сақтандыру шарттары бойынша қызмет көрсету кезінде танылатын табылмаған пайда).

Әрбір келесі есепті кезеңнің соңында сақтандыру шартының баланстық құны қайта бағаланады және соманы білдіреді:

- болашақ қызметтерге қатысты орындауға ақша ағынын және осы күнге шарт бойынша көзделген қызметтер үшін маржаны біріктіретін қалған сақтандыру өтемі бойынша активтер немесе міндеттемелер; және
- осы күнге шартқа жатқызылған өткен қызметтерге қатысты орындалуға ақша ағыны ретінде бағаланатын келтірілген залалдар бойынша активтер немесе міндеттемелер.

Компания әр шарт бойынша ақша ағындарын келесі күтілетін болжамдар негізінде бағалайды: GMM моделі әрбір сақтанушы үшін PD/LGD ескереді, оның қаржылық көрсеткіштерін ескере отырып, олар несиелік тәуекелдерді көрсетеді. Саяси тәуекел 1-ге тең деп айқындалған, өйткені қарыздарды сақтандыру Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын сақтанушылар бойынша жүргізіледі.

Дефолт ықтималдығы (PD) контрагенттің несиелік ұпайына байланысты анықталады. Компанияның дефолт статистикасының жеткіліксіздігіне байланысты несиелік рейтингті анықтау үшін халықаралық рейтингтік агенттіктердің рейтингтік әдістері қолданылады. Рейтингтік әдістер рейтингтік комитеттер рейтингтерді тағайындау үшін қолданатын аналитикалық негізді сипаттайды. Олар белгілі бір саладағы несиелік тәуекелді бағалау үшін ең маңызды болып табылатын негізгі сапалық және сандық сипаттамаларды сипаттайды.

Rating\Year	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Aaa	0.00%	0.02%	0.02%	0.02%	0.02%	0.02%	0.02%	0.02%	0.02%	0.02%
Aa1	0.00%	0.00%	0.00%	0.00%	0.02%	0.07%	0.08%	0.08%	0.11%	0.18%
Aa2	0.00%	0.01%	0.12%	0.24%	0.32%	0.41%	0.50%	0.61%	0.74%	0.86%
Aa3	0.04%	0.12%	0.16%	0.24%	0.37%	0.52%	0.73%	0.89%	1.01%	1.11%
A1	0.09%	0.19%	0.33%	0.50%	0.71%	0.93%	1.12%	1.31%	1.47%	1.64%
A2	0.06%	0.17%	0.34%	0.49%	0.70%	1.01%	1.32%	1.64%	2.01%	2.45%
A3	0.06%	0.17%	0.35%	0.53%	0.79%	0.98%	1.24%	1.53%	1.87%	2.21%
Baa1	0.10%	0.26%	0.43%	0.61%	0.75%	0.97%	1.18%	1.46%	1.81%	2.22%
Baa2	0.18%	0.41%	0.67%	0.90%	1.10%	1.31%	1.52%	1.75%	2.06%	2.35%
Baa3	0.29%	0.67%	1.13%	1.66%	2.22%	2.68%	3.13%	3.76%	4.37%	5.02%
Ba1	0.42%	1.32%	2.28%	3.18%	4.29%	5.38%	6.38%	7.25%	8.06%	8.94%
Ba2	0.73%	1.88%	3.24%	4.57%	6.03%	7.29%	8.47%	9.76%	11.24%	12.87%
Ba3	0.93%	2.53%	4.38%	6.48%	8.18%	9.78%	11.62%	13.70%	15.75%	17.86%
B1	1.22%	3.72%	6.50%	9.38%	11.99%	14.42%	16.94%	19.29%	21.30%	23.11%
B2	2.73%	7.08%	11.67%	16.05%	19.67%	22.91%	25.65%	28.02%	30.72%	33.38%
B3	3.53%	8.69%	14.32%	19.24%	23.44%	27.06%	30.10%	33.12%	36.04%	38.39%
Caa1	4.16%	9.75%	15.30%	20.37%	25.12%	29.24%	32.61%	35.52%	38.58%	41.32%
Caa2	6.65%	13.15%	19.16%	24.68%	29.65%	34.11%	38.04%	41.91%	45.10%	47.51%
Caa3	17.44%	29.58%	38.07%	43.83%	48.67%	53.33%	57.25%	60.75%	62.96%	64.62%
Ca	34.46%	47.45%	56.56%	63.31%	66.43%	67.50%	69.66%	71.19%	72.33%	72.83%
C	34.46%	47.45%	56.56%	63.31%	66.43%	67.50%	69.66%	71.19%	72.33%	72.83%
IG	0.11%	0.27%	0.46%	0.66%	0.89%	1.11%	1.35%	1.62%	1.91%	2.22%
SG	4.10%	8.29%	12.26%	15.78%	18.80%	21.39%	23.67%	25.77%	27.80%	29.66%
All	1.77%	3.52%	5.13%	6.50%	7.64%	8.60%	9.42%	10.19%	10.94%	11.63%

* Ресейлік эмитенттерді қоса алғанда

- Дефолт жағдайында шығын (LGD). Кепілдендірілген қарыздар бойынша LGD ҚРҰБ №269 қағидаларында берілген кепілді қамтамасыз ету жөніндегі ақпаратқа және өтімділік коэффициенттеріне сәйкес есептеледі. Кепілсіз қарыздар бойынша LGD 100% - ға тең. Себебі, кепіл болмаған жағдайда, Компания дефолт сақтанушыдан өндіріп алу мүмкіндігіне ие болмайды. Егер банкроттықтан кейін бөлінетін мүлік бар болса, онда сақтандыру бойынша бөлу кезегі бірінші кезекте болмайды. Неғұрлым консервативті тәсіл үшін осындай шешім қабылданды.

Кепіл түрі	Өтімділік коэффициенті
Жылжымайтын мүлік (тұрғын үй, коммерциялық, жер учаскелері)	0.7
Көлік құралдары	0.5
Жабдық, ТМҚ	0.4
ЕДБ, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің немесе ҚР егеменді рейтингінен төмен емес рейтингі бар заңды тұлғалардың кепілдіктері	1
Басқа заңды тұлғалардың немесе жеке тұлғалардың кепілдіктері	0
Болашақта түсетін мүлік/ақша	0
Өтімділігі жоғары бағалы қағаздар	0.95

Ақша, салым/депозит	1
* Дереккөз: ҚРҰБ ПП №269 (17-тармақ)	

- Тәуекелге ұшырайтын сома (EAD) есепті күнге туындаған залалдар бойынша міндеттеме шеңберінде қалыптастырылған кезекті төлемдер бойынша мәлімделген, бірақ реттелмеген залал сомасына азайтылған есепті күнге негізгі борыштың қалдығын білдіреді.

Сақтандыру шартының бірлігіне шарттарды тартуға және сүйемелдеуге арналған шығыстар жүйелі және ұтымды негізде бөлінеді. Компанияда сақтандыру шарттары бойынша тікелей аквизициялық ақша ағындары жоқ. Жанама аквизициялық ақша ағындарын Компания шарттарды сүйемелдеу шығындары деп таниды.

Компанияның есепті кезеңдегі (жылдағы) барлық шығыстары, еңбекақы төлеу қорын (жалақыны және тиісті салық аударымдарын, сыйақыларды) қоспағанда, шоттың атауы мен шығындар сомасын көрсете отырып, шығындар баптары бойынша таратылуы қажет. Айқындау мақсатында шығыстардың сол немесе өзге баптары 17 ХҚЕС қолдану саласына жатады, алынған шығыстардың баптары одан әрі жіктелуге жатады. Жүргізілген жіктеу нәтижелері бойынша Компанияның шығыстары мыналарға бөлінеді:

- жатқызылатын шығыстар (жүйелі және негізделген бөлуді (бұдан әрі-ЖНБ) ескере отырып) және тікелей жатқызылатын шығыстар (ЖНБ есепке алмағанда);
- аквизициялық және аквизициялық емес шығындар.

ЖНБ-ға мұқтаж болмашы шығыстарды бөлуге жұмсалатын уақытты оңтайландыру мақсатында Компания маңыздылықтың 2 шегін белгілеген:

- 1) есепті кезеңде шеккен барлық шығыстар сомасының 1 – 0.5% шегі;
- 2) есепті кезеңде шеккен барлық шығыстар сомасының 2- 10%.

Егер ЖНБ-ға қажет шығыстар бабының мәні 1-шекті мәннен төмен болса, онда Компания бұл шығысты шығыстардың аллокациясына қоспайды және оны бірден шығысқа жатқызады. Егер сомасы 1-ші шектен төмен барлық шығыстар 2-ші шектен жоғары болса, онда 2-ші шектен асатын шығыстар жүйелі түрде бөлініп, аллокацияға қатысады.

- Компания дефолт ықтималдығын, шартты бұзуды және шарттарды сүйемелдеу шығындарын индекстеуді ескере отырып, дисконтталған ақша ағындарын бағалайды.

Әрбір құрылымдық бөлімшенің басшысы өз бөлімшесінің қызметкерлері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша қызметкерлерді әрбір процеске тартудың жиынтық пайызын шығару үшін сақтандыру шарттарына жататын компания процестеріне тарту матрицасын толтырады. Әрбір құрылымдық бөлімшенің Компанияның жеке процестеріне қатысу пайызы белгілі бір сақтандыру өніміне немесе Компания қызметкеріне сілтеме жасамай, есепті жылдағы уақытты пайыздық мәнде білдіреді. Әрбір құрылымдық бөлімше үшін тарту пайызының жиынтық сомасы 100% құрайды. Әрбір құрылымдық бөлімшеге жататын аквизициялық шығыстардың сомасы (ЖНБ ескеріле отырып) Компанияның 1 қызметкеріне осы құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің санына көбейтілген аквизициялық шығыстардың сомасы (ЖНБ ескеріле отырып) және осы құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің айлық жалақысының есептеу кезеңіндегі айлар санына көбейтілген сомасы ретінде айқындалады.

б) Пайда болған шығындар бойынша міндеттемелер

Қарызды сақтандыру шарттары бойынша дефолт белгілері болған кезде (PD=100%) Компания қалған өтем бойынша міндеттемені тануды тоқтатады және дефолт (LGD) және залалдарды реттеуге арналған шығыстар жағдайында күтілетін залалдар сомасына орын алған, бірақ мәлімделмеген залалдардың қосымша резервтерін (МЗҚР) қалыптастырады. Бұл ретте шарт бойынша қарызды сақтандыру шартын «қалпына келтіру» (дефолттан шығу) кезінде залал туралы өтінішті кері қайтарып алу салдарынан туындаған залалдар бойынша міндеттемені тану тоқтатылады және қалған өтем бойынша міндеттеме қайтадан қалыптастырылады.

Негізгі борыш қалдығының толық сомасына залал мәлімделген кезде Компания қалған өтем бойынша міндеттемені тануды тоқтатады және негізгі борыш қалдығының сомасына туындаған залалдар бойынша қосымша міндеттеме қалыптастырады. Компанияның мәлімделген реттелмеген шығындар резервін қалыптастыруға қатысты әдістемесі ХҚЕС (IFRS) 4-пен салыстырғанда өзгеріссіз қалады. LIC залалды өтеуге және кепілмен қамтамасыз етуді іске асыруға байланысты кіріс ақша ағындарын есепке алмағанда мерзімі өткен төлем сомасына не негізгі борыш қалдығының сомасына қалыптастырылатындықтан, Компания тәуекелдік түзетуді қалыптастырмайды және тиісінше тәуекелдік түзетуге келтірілген залалдар бойынша міндеттемені ұлғайтпайды.

Компания шығындарды реттеу кезеңінде бір жылға дейінгі дисконттау әсерінің маңыздылығын ескере отырып, пайда болған шығындар бойынша міндеттемені бағалау кезінде ақшаның уақытша құнын есепке алмайды. Дисконттау әсерінің маңыздылығын анықтау үшін шығындарды реттеу кезеңіне талдау жүргізілді, ол бір жылдан аз кезеңді құрады.

2. Сақтандыру шарттары қарыздарды сақтандыру шарттарынан өзгеше.

а) Қалған сақтандыру бойынша міндеттемелер

Компания осы төлемдерді шығыстар және осы күнге тануды тоқтату нәтижесінде туындайтын кез келген сомалар ретінде тануға шешім қабылдаған жағдайлардан басқа: (i) аквизициялық ақша ағындарына қатысты кез келген актив; және (ii) шарттардың осы тобына байланысты ақша ағындарына қатысты бұрын танылған кез келген басқа актив немесе міндеттемеден басқа РАА әдісімен қалған сақтандыру бойынша міндеттемелер алынған сыйақылар бойынша бастапқы тану кезінде осы күнге аквизициялық ақша ағындарын шегергенде бағаланады. Компанияда сақтандыру шарттары бойынша тікелей аквизициялық ақша ағындары жоқ.

Сақтандыру сомасы азаятын шарттар бойынша Компания кірісті бағалау кезінде тәуекелді уақыт бойынша бөлу моделін ескереді.

б) Пайда болған шығындар бойынша міндеттемелер

Компанияның LIC-ке қатысты әдістемесі ХҚЕС 4-пен (IFRS) салыстырғанда өзгеріссіз қалады. МЗҚР залалды өтеуге және кепілмен қамтамасыз етуді іске асыруға байланысты кіріс ақша ағындарын есепке алмағанда мерзімі өткен төлем сомасына не негізгі борыш қалдығының сомасына қалыптастырылатындықтан, Компания тәуекелдік түзетуді қалыптастырмайды және тиісінше тәуекелдік түзетуге келтірілген залалдар бойынша міндеттемені ұлғайтпайды.

Компания шығындарды реттеу кезеңін бір жылға дейін ескере отырып, пайда болған шығындар бойынша міндеттемені бағалау кезінде ақшаның уақытша құнын есепке алмайды.

4. Қарызды сақтандыру шарттары бойынша шығарылған қайта сақтандыру шарттары және қарыздарды сақтандыру шарттарынан басқалары

а) Қалған сақтандыру бойынша міндеттемелер

Компания қайта сақтандыру шарттары бойынша РАА әдісімен қалған сақтандыру өтемі бойынша міндеттемелерді қайта сақтандыру шартымен жабылатын базалық сақтандыру шарттары бойынша РАА қолдану сынағын өткізу нәтижесінде GMM қолданудан РАА қолдану нәтижесінің елеулі айырмашылықтары жоқ болатын бір жылдан астам мерзімдегі қарызды сақтандыру шарттарынан өзге шарттар бойынша бағалайды.

РАА әдісімен қалған сақтандыру өтемі бойынша міндеттемелер, Компания осы төлемдерді шығыстар және осы күнге тануды тоқтату нәтижесінде туындайтын кез келген сомалар ретінде тануға шешім қабылдаған жағдайлардан басқа, ақылы қайта сақтандыру сыйақылары бойынша күнге аквизициялық ақша ағындарын (цеденттік комиссияларды) шегергендегі бастапқы тану кезінде бағаланады: (i) аквизициялық ақша ағындарына қатысты кез келген актив; және (ii) осы шартқа байланысты ақша ағындарына қатысты бұрын танылған кез келген басқа актив немесе міндеттеме. Компания қарыздарды қайта сақтандырудың ұсталатын

шарттары бойынша қалған сақтандыру өтемі бойынша міндеттемелерді қайта сақтандырушының кредиттік тәуекел сомасына азайтады.

Қарызды сақтандыру шарттарын қайта сақтандыру шарттары бойынша Компания GMM әдісін қолданады. GMM сәйкес сақтандыру шарты бастапқыда қайта сақтандырушы үлесінің келісімшарттарды (оған болашақ ақша ағындары, ақшаның уақытша құнын түзету және болашақ ақша ағындарымен байланысты қаржылық тәуекелдер және қаржылық емес тәуекелді түзету кіреді) орындау бойынша ақша ағындарының сомасына және көзделген қызметтер үшін маржаға көбейтіндісі ретінде бағаланады (CSM; сақтандыру шарттары бойынша қызмет көрсету кезінде танылатын табылмаған пайда).

Қайта сақтандыру шарттары бойынша өтеу үлесі қайта сақтандырушының кредиттік тәуекеліне түзетіледі:

